

"Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне " Қолжетімді тұрғын үй - 2020" бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы тұрғын үйлерді жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға кредит берудің 2014 жылға арналған шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 167 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 559 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне « Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы тұрғын үйлерді жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға кредит берудің 2014 жылға арналған шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 167 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне «Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы тұрғын үйлерді жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға кредит берудің 2014 жылға арналған шарттарында:

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қолжетімді тұрғын үй – 2020» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі арқылы қарыз алушыларға 29 472 165 000 (жиырма тоғыз миллиард төрт жүз жетпіс екі миллион бір жүз алпыс бес мың) теңге сомасындағы кредиттер тұрғын үйлерді жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға 9 (тоғыз) жыл мерзімге сыйақының 0,01 % мөлшерлемесі бойынша беріледі.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

К. Мәсімов